

«Бекітілді»

ЖШС «Зайка-Филиал балабақшасының директоры

Герасимова Т.К.

2022-2023 оқу жылы



**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МЕКТЕПАЛДЫ ТОП «ЗАЙКИ – ВСЕЗНАЙКИ»**

**Перспективный план организованной деятельности
преподавателя казахского языка на 2022-2023 учебный год
(преподаватель казахского языка :Абилкаирова М.А.)**

2022 - 2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАД ТОБЫНА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮІӘ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Қыркүйек айы. 2022 ж			
ҮІӘ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Менің балабақшам»	Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
	«Балабақша» (әңгіме құрастыру)	Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыру. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу.	1
	«Менің достарым»	Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.	1
	«Табиғат - біздің досымыз»	Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.	1
	«Ойыншықтар әлемі»	Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу.	1

	«Менің ойыншықтарым»	-Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру. -Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. -Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	1
	«Жиһаздар»	Балаларға жиһаздар қалай,қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру. Жиһаздарды күтіп-баптап ұстауға,ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.	1
	«Үй жиһаздары»	Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету.	1

Қазан айы. 2022 ж

ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
	«Бір үйде біз нешеуіміз?»	Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету,тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.	1
	«Менің отбасым» (сурет бойынша әңгіме)	Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	1
Қазақ тілі	Жолда жүру ережесін сақтайық	Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол)туралы түсінік беру.	1

	«Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай.	Өлеңді түсініп, есте сақтауға , мағынасын ашып түсіндіру. Өлең жолдарының бір шумағын жаттату.	1
	«Менің көшем»	Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорын дамыту.	1
	«Көшеде өзін ұстау»	Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.	1
	«Күзгі табиғат (сурет бойынша әңгімелеу)»	Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.Табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1
	«Жемістер»	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсіндіре отырып, балалардың жемістер және олардың адам ағзасына пайдасы туралы білімдерін бекіту.	1
Қараша айы. 2022 ж			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
	«Мен өзім туралы не білемін?»	Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).	1
Қазақ тілі	«Мен кіммін?»	Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту,өзін құрметтеуге тәрбиелеу.	1

	Дәрумендер әлеміне саяхат	Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру.	1
	«Дәрумендер – денсаулық кешілі»	Дәруменнің адам денсаулығына маңыздылығын түсіндіру. Жемістер мен көкөністердің дәрумендерге бай екендігін, жеткізе білу.	1
	«Мен және табиғат»	Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
	«Қамқорлық» әңгіме М.Төрежанов	Балаларды әңгіменің мазмұнымен таныстыру. Қиындық болған жағдайда көмектесу адамгершілік белгісі екенін түсіндіру.	1
	«Табиғаттағы еңбек»	Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықтарын дамыту. (Суреттер арқылы)	1
	«Адам еңбегінің нәтижесі»	Ересектердің еңбегін ойын әрекеттерінде көрсете отырып, ересектер мен бірге еңбек әрекеттерін орын дауға баулу. Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу.	1
Желтоқсан айы. 2022 ж			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
	«Менің Отаным Қазақстан»	Қазақстан кең-байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік беру. Балалардың ойлау сөйлеу қабілеттерін дамыту. Отанды сүйе білуге тәрбиелеу.	1
	«Туған жер әңгіме»	Туған жер туралы әңгіме оқып беру. Шығарманың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға,	1

Қазақ тілі		баяндау сипатын сезінуге баулу.	
	«Туған өлке»	Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Туған жерлерін сүюге тәрбиелеу.	1
	«Астана-бас қалам»	Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	1
	«Менің елім Қазақстан»	Балалардың бойында қоршаған ортамен(балабақша, отбасы, қоғамдық ортамен)адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру.Туған елге, табиғатқа, халқына, өзі туып-өскен отбасына сүйіспеншілікке баулу.	1
	«Менің сүйікті қалам, Ел ордасы – Астанам»	Балаларға қала, ауыл және Астана туралы түсініктер беру.Сурет бойынша тиянақтап, ой-өрісін дамыту. Елін, жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.	1
Қаңтар айы. 2023 ж			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
	«Шырша және қайың»	Ағаштар туралы туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету.	1

Қазақ тілі	«Бөлме өсімдіктері»	Гүлдің бөліктерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қызығушылығын арттыру. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	1
	«Төрт түлігім – ырысым»	Балаларға төрт түлік туралы түсінік беру. Төрт түліктің пайдасы жайында айту. Төрт түлік туралы өлең жыр, жаңылтпаш, мақал – мәтелдер арқылы баланың ойын дамыту.	1
	«Жабайы жануарлар»	Балалардың жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жануарлардың тіршілігіне деген көзқарастарын жетілдіру. Қамқорлыққа тәрбиелеу.	1
	«Үй құстары»	Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту.	1
	« Қыста құстарға қамқор боламыз»	Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін қалыптастыру. Балалардың есте сақтау қабілетін, логикалық пайымдауын, шығармашылық қиялын дамыту.	1
	«Көңілді қыс»	Балаларға қыс мезгілі, қыста болатын табиғат құбылыстары туралы түсінік беру. Суретке әңгіме құрап, өз ойын айта білуге үйрету. Мнемо кестемен жұмыс жүргізе отырып, баланың тіл байлығын жетілдір.	1
	«Сырғанақ»	Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі	1

		суреттелгенін түсіндіру.	
Ақпан айы. 2023 ж			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Мұз астындағы ұйқы» ертегісі	Балалардың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, ертегілер, өлең – тақпақтар, жұмбақтар тыңдау, ойын тапсырма-лар орындату арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.	1
	«Мұздың қасиеті»	Судың қасиеттерінің бірі - судың мұзға және мұздың суға айналуын бақылау Мұзға тәжірибе жұмысын жасау арқылы танымдық белсенділерін дамыту .	1
	«Көліктермен таныстыру»	Балаларды көліктердің қасиетімен таныстыру. Көліктер туралы жұмбақтар шешу арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту.	1
	«Көлік түрлері»	Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Көліктердің аттарын, олардың қызметін түсіндіру. Көліктер жайында айта отырып, қауіпсіздік ережелері туралы түсінік беру. Баланың жан – жақты ойлау қабілетін дамыту.	1
	«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»	Бізге қажет заттар, тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту.	1
	«Электротехникалық тұрмыстық	Балалардың сөздік қорын тұрмыстық электротех	

	заттар»	ника заттарының атауларымен байыту. Олардың қолданысын түсіндіру. Сұрақ – жауап арқылы балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Балаларды мамандық иелерімен та-ныстыру. Әр мамандықтың өзіне тән қасиеттерін атап айту.	1
	«Бұл мұғалім апай» әңгіме	Балаларға мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру. Әңгіменің мазмұнын түсіндіру.	1
Наурыз айы. 2023 ж			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Наурыз жыл басы»	Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, өмірінде болған оқиғаны еске түсіру арқылы әңгімелеуге үйрету.	1
	«Бесік жыры»	Бесік жырын тыңдату халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету.	1
	«Қасқыр мен жеті лақ»	Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету.	1
	«Үш аю»	Ертегі кейіпкерлерін талдау, әңгімелеу.	1
	«Әдемі қазақ үй»	Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру.	1

	«Ұлттық өнер»	Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыра отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұтуға тәрбиелеу. Ұлттық өнерге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, оны құрметтеуге баулу.	1
	«Көктемгі табиғат»	Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларын қалыптастыру.	1
	«Көктем келді»	Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіндіре отырып, қар ериді, ағаштың бүршік жаруы жайында түсініктерін кеңейту.	1
Сәуір айы 2023 ж.			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Көктем гүлі»	Көктем гүлі қызғалдақты таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру.	1
	«Өсімдік өмір сыйлайды»	Күнделікті өмірде өсімдіктің алар орны мен маңызын терең түсіндіру.	1
	Ас атасы-нан	Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу.	1
	«Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету)	Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.	1
	«Жәндіктер: құмырсқалар, көбелектер,	Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Жәндіктер	

	аралар»	әлеміне деген қызығушылығын ояту, табиғатқа сүйіспеншілік пен қарауға тәрбиелеу.	1
	«Адасқан құмырсқа» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.	1
	«Үлкендердің еңбегін бағалау»	Сурет көрсету арқылы үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Құрметтеуге тәрбиелеу.	1
	«Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев	Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету.	1
Мамыр айы 2023 ж.			
ҮІӨ	Тақырыбы	Міндеті	Мерзімі
Қазақ тілі	«Достаса білейік»	Балаларға достық туралы түсінік бере отырып, қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту. Достық қарым – қатынас дағдыларын дамыту.	1
	«Біз бақытты баламыз.	«Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.	1
	«Біз Отанның сарбазы»	Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жаттату.	1
	«Менің елім Қазақстан»	Балалардың бойында қоршаған ортамен(балабақша, отбасы, қоғамдық	

		ортамен)адамгершілік қарым-қатынас тәжірибе сін қалыптастыру.Туған елге, табиғатқа, халқына, өзі туып-өскен отбасына сүйіспеншілікке баулу.	1
	«Жайдарлы жаз»	Балаларға жаз мезгілінің кереметтерін түсіндіру; Жаз мезгілі туралы сөздік қорын байыту; Жаз мезгілінде табиғатқа қамқор болуға болуға тәрбиелеу.	1
	«Сурет бойынша әңгіме»	Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасын дұрыс қалыптастыру.	1
	«Денсаулық - зор байлық»	Денсаулыққа қажетті жағдайлар,денсаулықты сақтау туралы қарапайым түсініктер беру. Дүниетанымдарын, қимыл-қозғалыс шапшаңдықтарын дамыту.	1